



**Коммерциялық емес
акционерлік қоғамы**

**ҒҰМАРБЕК ДӘУКЕЕВ
АТЫНДАҒЫ АЛМАТЫ
ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ
БАЙЛАНЫС
УНИВЕРСИТЕТІ**

Әлеуметтік пәндер кафедрасы

Философия пәні бойынша барлық мамандықтарға арналған семестрлік
жұмыстар бойынша әдістемелік нұсқаулық

Алматы 2021

ҚҰРАСТЫРУШЫЛАР: Мухамеджан Қ.Ш., Джаркинбаев Е.Е., философия пәні бойынша барлық мамандықтарға арналған семестрлік жұмыстар бойынша әдістемелік нұсқаулық. –Алматы: Ғұмарбек Даукеев атындағы АЭЖБУ, 2021.-22 б

Философия пәні бойынша ұсынып отырған семестрлік жұмыстарға арналған әдістемелік нұсқаулық барлық мамандықтардың күндізгі және қашықтықтан оқыту бөлімдерінің студенттеріне арналады. Бұл әдістемелік нұсқаулықтарда үш семестрлік жұмыстың тақырыптары беріліп, рухани құндылықтардың күнделікті өмірдегі маңызы, шығармашылық өнердің мүмкіндіктері ұсынылады.

Пікір беруші:

к. ф. н., доцент М.К. Нурмаханова

«Ғұмарбек Даукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының 2021 ж. жоспары бойынша басылады.

© Ғұмарбек Даукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті» КЕАҚ, 2021 ж.

Кіріспе

Қазіргі замандағы жоғары білім беру жүйесінде міндетті түрде оқытылатын негізгі гуманитарлық пәндер қатарына философия ілімі жатады. Білім беру саласындағы әлемдік тәжірибенің XX – ғасырдың екінші жартысынан бастап гуманистік бағытта дамуы, гуманитарлық пәндердің әлеуметтік маңызын арттырып, білім беру процесінің мәні мен мұраттарын жаңа тұрғыдан түсінуге алып келді.

«Философия» курсына арналған оқу бағдарламасы қазіргі заманғы жоғары білімді инженер – маман білуге тиісті негізгі философиялық және ғылыми мәселелердің мәнін көрсетеді. Пәннің жалпы мақсаты да студенттердің - болашақ мамандардың - дүниетанымын кеңейтіп, философиялық көзқарасын қалыптастырып, жүйелі ойлауға бағыттау. Семинар сабағында және өз бетімен талдауға арналған тақырыптар дүние, қоғам және адам туралы мифологиялық, діни – философиялық, ғылыми – философиялық көзқарастардың ерекшеліктерін саралап, адам өмірінің мәнін, сенім мен таным мүмкіндіктерін ашуға арналған. Сонымен бірге адамзат білімінің қыр – сыры, оның қазіргі заманғы қоғамдағы дамуы және рөлі, адами – рухани құндылықтардың күнделікті өмірдегі маңызы, шығармашылық өнердің мүмкіндіктері мен болашағы жайында мәселелер талданады.

«Философия» пәнінің оқытылуы студенттерді парасаттылыққа және эстетикалық талғам қалыптастыруға тәрбиелейді. Ең маңыздысы жастар философия тарихымен таныса отырып ғасырлар бойы жинақталған рухани байлықты игереді, сол арқылы адам бойындағы қасиеттерге, тұлғаның қалыптасуы, бостандыққа ұмтылуы, қоғамдық қатынастар мен үйлесімділіктің мәнін түсіндіретін заңдылықтарға баға береді. Адам мен табиғат, адам мен қоғам арасындағы байланыстар, қазіргі заманғы ауқымды тауқыметтер, адамзат мәдениеті мен жер бетіндегі тіршіліктің болашағы, жалпы адамзаттық игіліктердің тағдыры мен даму үрдісі туралы өз пікірлерін қалыптастырады. Әлемде және елімізде болып жатқан саяси - әлеуметтік өзгерістерге, ұлттық құндылықтарымызға баға бере отырып, философиялық зерделік – логикалық, жүйелі сыншыл тұжырымдардың мәнін түйсінеді.

Лекция дәрістерінде қысқаша бағыт – бағдар, әлемдік философияның тарихынан жалпылама мәліметтер ғана берілсе, семинар сабақтарында және студент өзіндік жұмыстарды орындаған кездері нақтылы бір философиялық көзқарастарға немесе жекелеген данышпандардың пікірлеріне талдау жасалады. Семинар сабағы студенттің жинақтаған білімін, ойлау және шешендік деңгейін көрсетуіне мүмкіндік береді. Тек сөйлеуге үйретіп қоймай, дәлелді түрде өзі таңдаған даналық ойды немесе өзінің төл пікірін қорғауға дағдыландырады. Философияны оқып – түсінудегі басты мақсат рухани құндылықтардың, өмірдің шынайы мәнін анықтау болғандықтан

және пенделік пен адамгершіліктің, бақыт пен бақытсыздықтың, ізгілік пен зұлымдықтың, ақиқат пен жалғанның ара – жігін ашуға тірелетіндіктен, әртүрлі пікірлер мен тұжырымдарды саралап салыстыруға тура келеді. Философияның басқа ілімдерден және көзқарас формаларынан айырмашылығы - аталған мәселелер туралы нақтылы, біржақты, абсолютті ақиқат деп танитын анықтамалар жоқ. Дүниеге философиялық көзқараспен қарайтын адам ақиқатты өзі іздеуі тиіс. Ал, философия тарихында жинақталған білім мен тәжірибе нәтижелері тек қана бағыт – бағдар береді. Қорыта айтқанда пәннің негізгі мұраты оқушыны пенделікпен күресіп, адам болуға, өзін - өзі тәрбиелеуге, сыңаржақты ойлап өмір сүрмей жан-жақты ойлап іс - әрекет жасауға бағыттау.

Осы мақсаттарға жету жолында мынандай мәселелерді шешуіміз қажет:

- адамзаттың мәдени тәжірибесін, ойлау және тану формаларын саралап, оларды салыстыра отырып, жалпы адами құндылықтар тұрғысынан талдау;

- әлемдік философия тарихында қалыптасқан көзқарастар мен концепцияларға объективті бағасын беруге тырысу;

- данышпандар мен әулиелер айтқан пікірлер мен нақыл сөздердің мағынасын түсініп, үндестігі мен айырмашылығына назар салу;

- қазіргі заманғы адамзат қоғамының даму бағыттары мен үрдістеріне тарихи және болашақтағы нәтижелер тұрғысынан баға беру және болжамдар жасау;

- ұлттық философияның тарихымен таныса отырып, оның қазіргі кезеңдегі даму ерекшеліктерін анықтау және мәнін айқындау;

- философиялық көзқарасымызды қалыптастыра отырып, ойлау және сөйлеу мәдениетіне үйрену, жүйелі ой, пікір айтуға дағдылану;

- дүниеге, өмірге деген көзқарасты жүйелеп, шынайы адами құндылықтарды анықтап, абсолютті ақиқатты тануға ақыл – сенімімізді бағыттау.

Осы аталған мәселелерді шешіп, белгілі бір нәтижеге жету үшін семинар сабақтары өткізіліп, студенттер өзіндік жұмыстар атқарады. Аудиториялық уақыт шектеулі болғандықтан кредиттік оқу жүйесі бойынша, студент сабақтан тысқары кездері семестрлік жұмыстар орындап, әртүрлі қосымша әдебиеттерді оқуы тиіс. Философия басқа да әлеуметтану, жаратылыстану және техникалық ғылымдармен тығыз байланыста дамиды және адамтану ілімінің негізі болып табылады. Философия барлық жоғары оқу орындарының бірінші – екінші курс студенттеріне оқытылады, ал оған дейін орта мектеп оқушылары қоғамтану және жаратылыстану ғылымдарының негізімен танысып, белгілі бір дәрежеде білім қорымен және өмірлік тәжірибемен келеді.

1. Философия пәні бойынша семестрлік жұмыстарды орындаудың талаптары мен шарттары

Жоғары оқу орнының оқу жоспарына сәйкес, әрбір студент философия пәні бойынша бір семестр аралығында үш ғылыми жұмыс жазып өткізуі керек. Семестрлік жұмыстарға арналған тақырыптар үш бөлімде топтастырылған, себебі үш семестрлік жұмыстардың әрқайсысы әр бөлімдегі тақырыптар тізімінен таңдап алынып, бірін – бірі қайталамауы керек. Тақырыптар саны жеткілікті, сондықтан да бір топтағы студенттер белгілі бір тақырып бойынша ғана жеке дара жұмыс орындауы тиіс.

Әрбір бөлімдегі тақырыптар тарихи кезеңдерді немесе теориялық мәселелерді қамтитындықтан тиісті деген ғылыми әдебиеттердің тізімімен қамтамасыз етілген, дегенмен соңғы уақыттарда жарық көрген кітап немесе мақалалар тақырыпты ашуға көмектессе, тізімде көрсетілмеген әдебиеттерді де пайдалануға болады.

Студент семестрлік жұмысты жазбас бұрын, сабақ жүргізетін ұстаздарынан мына мақсатта тиісті кеңестер алуы қажет:

- 1) Таңдап алынған тақырыпты ұстазбен келісу, себебі көрсетілген тақырыптар шеңберінен шығуға студент мәжбүр болса жетекшімен ақылдасуы керек.
- 2) Керек болған жағдайда ғылыми әдебиеттер, мақалалар туралы кеңес алу.
- 3) Семестрлік жұмыстың жоспарын бекіту.
- 4) Жұмысты жазу және талапқа сай формада көркемдеу.
- 5) Түсінбеген мәселелер, сұрақтар жайында мағлұмат алу.
- 6) Семестрлік жұмыстарды белгіленген мерзімдерде тексеруге беру.
- 7) Ұстаз тарапынан жасалған ескертулер мен түзетулерді толықтырып, жұмысты көрсетілген уақытта тапсыру.

Семестрлік жұмыстың мазмұны мен формасына мынандай талаптар қойылады

Жұмыс жоспары екі немесе төрт тараудан артық-кем болмауы керек, ерекше бір жағдайда ғана бес тарау болуы мүмкін. Жұмыстың мазмұны, әртүрлі монографиялар мен ғылыми мақалаларды оқып – талдаудың нәтижесінде құрылуы керек.

Аяқталған семестрлік жұмыстың мынандай көрсеткіштері болуы қажет: біріншіден, студент зерттеп отырған тақырыбының мәнін, теориясы мен тарихын терең танып-білгендігін көрсету; екіншіден, автор мәдени құбылыстарды талдай отырып, оларды әртүрлі ғалымдар мен ғылыми ағымдар көзқарасы тұрғысынан түсініп, бағалай білу; үшіншіден зерттеп отырған мәдени құбылыстың өзектілігін, оның тарихтағы орны мен қазіргі заманғы маңызын ашып дәлелдеу.

Семестрлік жұмыста осы мәселеге қатысы бар деген пікірлер мен концепцияларды атап көрсетіп, олардың авторлары мен жазған еңбектерінің атын атап, тексте келтірілген сілтемелер болса нөмірлеп белгілеп қою қажет. Бір мәселе бойынша көп түрлі пікір қалыптасқан болса, оларды салыстыра отырып, автор өзінің түсінігіне сәйкес келетін біреуін негізге алуға тиіс.

Ғылыми жұмыстың құндылығы да, студенттің жеке өзінің пікірінің қалыптасуы және соны айғақты түрде дәлелдей алуымен бағаланады. Мәселенің мәнін ашатын жақтарына назар аудара білу, фактілер мен уәждер арқылы тұжырым жасай алатындығы, жұмыстың деңгейін көтере түседі.

Жұмыстың мазмұны логикалық тұрғыдан дұрыс және жасалған жоспарға сәйкес болуы шарт. Жұмыстың құрылымына кіріспе, негізгі бөлім және қорытындыдан тұрады. Кіріспеде, автор, осы семестрлік жұмыстың мақсаты мен мұратын, тақырыптың өзектілігін атап өтіп, осы мәселеге қатысты әдебиеттерге қысқаша шолу жасайды.

Қорытынды бөлімде негізгі тұжырымдар айтылады және солардың нәтижесі ретінде түйіндеме жасалып, семестрлік жұмыс аяқталады.

Жұмыстың сыртқы формасына келсек, оның көлемі 10-12 компьютерлік қағаз беті шамасына кем болмауы керек, кіріспе, қорытынды және сыртқы бетін қоспағанда. Жұмыстың әрбір бетінде поля қалдырылып, тараулардың аттары жазылып, сілтемелер бет соңында көрсетілуі қажет. Семестрлік жұмыстың сыртқы беті ғана машинкада немесе компьютерде теріліп, негізгі мазмұны көрнекті және түсінікті жазумен, таза және түзетулерсіз қолмен жазылған болуы керек.

2. Семестрлік және бақылау жұмыстарының тақырыптарына методикалық кеңестер

Философия көзқарастың ең жоғарғы формасы ретінде, мәдени-элеуметтік дамудың белгілі бір кезеңінде дүниетанымның алғашқы формалары шеңберінде пайда болды. Негізгі зерттеу объектісі әлем және адам, олардың арақатынасы. Алғашқыда осы арақатынас адамзатқа қиял-ғажайып сезімдер формасында көрініс қалыптастырды (миф-фантазия, аңыз), адам мен табиғат, адам мен ғарыш арасындағы қатынастар мен байланыстар ойдан шығарылған елес-сезімдер арқылы берілді (ежелгі қытай, ежелгі үнді, ежелгі грек мифологиясы, қазақ халқының эпостық дастандары, аңыздары дүниені ізгі және зұлым, ақ және қара күш, жан иелеріне бөліп адам бейнесінде түсіндірді). Біздің дәуіріміздің басында әлемдік діндер дүниені жалған осы өмір және шынайы мәңгілік басқа дүние тұрғысынан қарастырды да, жаратылысты монотеистік бағытта түсіндірді. Ал философиялық көзқарастар сенім мен ақылды, сезім мен тәжірибені үйлестіруге бағыт алды. Монизм, дуализм, реализм сияқты бағыттар философияның алдыңғы көзқарас формаларынан айырмашылығы, ғылыми танымға ерекше мән бергенін көрсетеді.

Бірінші бөлімнен тақырып таңдаған болсаңыз көзқарастың құрылымына тоқталу қажет және философия тарихында философияның негізгі мәселелері, пәні қалай анықталғанын айқындау дұрыс. Философия тарихында қалыптасқан екі таным тәсілі – диалектика және догматикаға мән берген жөн.

Философияның экспликация, рационалды-теориялық, жүйелеу және сынау функцияларының мәнін аша отырып, осы қызметтерін орындаған кезде философияның адамзат мәдениетін дамытуда өзіне белгілі бір міндет жүктейтінін атап көрсету қажет. Аталған функциялар философия мен ғылым арасындағы тығыз байланыстарды көрсетеді.

Қазіргі заманда философияның маңызы ерекше арта түскенін, әсіресе адамзат қоғамын гуманизациялау үрдісінде ерекше рөл атқаратынын айрықша атаған жөн. Әр дәуірдегі философияның дінмен, өнермен байланысын тарихи тұрғыдан талдау керек.

№1-ші семестрлік жұмыстың екінші бөлімінде әлемдік философияның тарихы қамтылған. Тақырыптар белгілі бір философиялық ағымдар мен мектептердің философиялық идеяларына немесе жекелеген ойшылдардың көзқарастары мен концепцияларына бағышталып құрылған.

Жұмысты орындаған кезде, тақырыпты жүйелі түрде ашудың талаптары мен шарттары сақталып, логикалық пен тарихилықтың бірлігі принципін ұстану қажет.

Бұл талап міндетті түрде, біріншіден – онтологиялық, гносеологиялық, антропологиялық және социологиялық мәселелерді қозғайды, екіншіден – қаралып отырған тақырыпты немесе мәселені салыстырмалы түрде бағалауға алып келеді, үшіншіден – философияның тарихи дамуында аталған идеяның өзектілігі мен маңызын көрсетуге мүмкіндік береді.

Мысалға алсақ, жаңа заман философиясы басқа дәуірлерден ерекшеленеді, XVII ғасырдың басына қарай Батыс Еуропада ғылым өзінің практикалық қажеттілігіне, өндіріс мұқтажына байланысты мәдениетте басымдылыққа ие болды, соның негізінде ғылымның екі саласы: эмпирикалық және теориялық деп бөлу талпынысы белең алды.

Осы кезеңде өндірістің, ғылым мен техниканың тез дами бастағанын, сол себептен де философияда таным мәселесі алдыңғы қатарға шыққанын ашып көрсеткен дұрыс болар еді.

Классикалық неміс философиясы әлемдік философия тарихында маңызды орын алады, себебі адам мәселесі және даму туралы көзқарас өткен дәуірлермен салыстырғанда жаңа сапалы мағынаға ие болды. Гегель философиясындағы абсолютті идеализм, даму туралы ілім – диалектика, Канттың этикасы, Шеллингтың философиялық романтизмі, Фейербахтың антропологиялық материализмі ерекше талдауды қажет етеді. Гегель мен Маркстың диалектикалық іліміндегі айырмашылық, жаттану мәселесін қараудағы әртүрлі пікірлер назардан тыс қалмауы қажет. Маркс-Энгельс философиясындағы тарихи материализм ерекшелігі, қоғамдық-экономикалық формация теориясы терең талдауды қажет етеді.

XX ғасыр философиясын зерттеген кезде рационализм мен иррационализм арасындағы қайшылықты ашу қажет.

«Өмір философиясы» құндылықтар деп нені таниды, классикалық философияны не үшін сынға алады?

Философия тарихында ғылым мен техниканың даму үрдісі XIX–XX ғасырларда қандай сипат алды, осы жөнінен кеңінен талдау керек. Әсіресе сциентистік және антисциентистік концепцияларға салыстырмалы сараптама жасай отырып, позитивизмнің, антропологиялық және діни-философиялық түрлі ағымдардың философиялық идеяларына тоқталған дұрыс.

Осы бөлімде феноменология және экзистенциализм, постструктурализм және постмодернизм, неотомизм өкілдерінің көзқарастарына ерекше назар салу керек.

«Отандық философияның даму тарихы» бөлімінде көшпенді мәдениет тарихы, оның дүниетанымға әсері, қазақ ұлтының мәдениетінің қалыптасуы және даму кезеңдері, орыс және еуропалық мәдениеттің ықпалы қамтылады. Әсіресе образдық және интуитивтік ойлаудың қазақ философиясына әсері, заттық ойлаудың өзіндік ерекшелігі, халықтық фольклордың өмірлік мәні жайында жан-жақты зерттеу жүргізген рәсім. Қазіргі заманғы ғылыми-философиялық зерттеулердің қазақтың ұлттық дүниетанымы туралы тың пікірлері, оның дәстүрлік мазмұны, ашықтығы, поэтикалығы, табиғатқа жақындығы, ғарыштық кеңдігі, тұтастығы және шынайылығы туралы дәлелді ойларды келтіруі жөнінде айта кеткен дұрыс.

Қазіргі заманғы батыс еуропалық иррационалистік бағыттар (феноменология, экзистенциализм т.б.) классикалық философияны ашық сынап отырып, ұғымдық ойлаудың орнына интуитивтік немесе заттық ойлауды (Э. Гуссерль) пайдаланады.

Қазақ дүниетанымындағы салт-дәстүр, діни наным-сенімдердің маңызы туралы, діни-мифологиялық аңыздардың өмірлік мәні туралы, өндіріс пен тұрмыс-тіршіліктің экологиялық мәдениетті қалыптастыруы туралы терең талдау жүргізген жөн. Жыраулар дүниетанымы, ондағы негізгі мәселе, әртүрлі ағымдардың ерекшелігі де айрықша назарда болғаны дұрыс.

Абай және Шәкәрім философиясы қазақтың ұлттық философиясының классикалық үлгісі. Ерекше тоқталатын тақырыптар: болмыс, таным-білім, сенім-парасат, адам және өмірдің мәні, рухани құндылықтар туралы болса, Абай және Шәкәрім көзқарастарына жан-жақты сараптама жасау қажет.

XIX-XX ғасырлардағы қазақ зиялыларының ойлары және негізгі идеялары, адамгершілік және даналық туралы пікірлері, бостандық және ел тәуелсіздігі, әділетті қоғам орнатудағы талап-тілектері туралы жазған жұмыс ерекше бағаланады.

Қазақ философиясына орыс мәдениетінің әсерін, орыс философиясының XIX-XX ғасырлардағы даму тарихын зерттеген кезде саяси-әлеуметтік мәселелерді естен шығармаған дұрыс. Әсіресе отандық философияның Кеңестік дәуірдегі, бодандық-тоталитарлық қоғамдағы даму үрдісі, марксистік ілімнің дөрекі бұрмалануы, атеистік сипат алуы жайында айта кету керек. Кеңестік жүйенің философияны саясаттың қызметшісіне айналдыруы, діннің мазмұны мен тарихын таяз зерттеуі, диалектикалық және тарихи материализмнің біржақтылығы, ғылыми коммунизмнің утопиялық сипаты да көлемді жұмыстың тақырыбы бола алады.

№2-ші семестрлік жұмыс тақырыбын таңдаған сәтте философияның әлемді біртұтас дүние түрінде қабылдайтынын түсініп, әлем және адам арақатынасы мен мәнін ашуға ұмтылу қажет. Сондықтан да философия дүниенің, адамның өмір сүретінін анықтайтын белгілі бір терең мағыналы ұғымдарды қажет етеді, мысалы «болмыс», «материя», «сана», «адам», «махаббат» т.б.

Философия тарихында пайда болған әртүрлі ағымдар мен мектептер, жекелеген ойшылдар немесе белгілі бір концепциялар осы ұғымдар немесе идеялар төңірегінде айтысқан және өз пікірін жүйелі түрде қорғап дәлелдеуге тырысқан. Оған мыналар мысал бола алады: материализм және идеализм, реализм және номинализм, эмпиризм және рационализм, сенсуализм және релятивизм, рационализм және иррационализм т.б. сол сияқты толып жатқан ағымдар мен концепциялар. Орта ғасырлық діни философия болмыстың екі формасын бөліп шығарды. Жаратушы болмысы, уақыт-кеңістіктен тысқары, табиғаттан жоғары, абсолютті бір жағында, және жаратушы тудырған табиғат-екінші жағынан.

XIX ғасырдың ортасына қарай марксизм философиясы болмыс мәселесіне жаңа түсінік алып келді. Болмыс ұғымы материалистік көзқарас тұрғысынан қаралады.

XX ғасырдың 20-30-шы жылдары болмыс мәселесін неміс ойшылдары Н. Гартман және М. Хайдеггер иррационализм тұрғысынан түсіндіруге тырысты. Сол сияқты басқа да фундаментальді ұғымдарға да көзқарас

түбегейлі өзгеріске ұшырады. Жаратылыстану ғылымдарының ашқан жаңалықтары біздің дүние туралы танымымызға үлкен әсерін тигізді. Бізді қоршаған әлемнің құрылымдық деңгейлері туралы жаңа идеялар дүниеге келді. Нақтылап айтқанда ғылым материалды құбылыстардың қозғалысының жаңа формаларын ашты және бөліп шығарды: минералдық, геологиялық, термоядролық, планетарлық т.б.

«Философиялық антропология» саласынан тақырып таңдаған кезде «адам» мәселесінің философия тарихында ең бір күрделі мәселе болғанына назар салыңыз. Адам мәселесі әр дәуір философиясында және Шығыста да, Батыста да көп пікір тудырған мәселе. Ежелгі дәуір мен қазіргі заман философиясына дейінгі аралықта адамның шығу тегі табиғаты, өмірінің мәні және өлім мәселесі, қоғам дамуындағы және мәдени жүйедегі орны басты сұрақтардың бірі болып табылады.

«Философиялық антропология» тұлға, сана және тіл, өмірдің мақсаты және бақыт сияқты өзекті мәселелерді аттап өте алмайды.

«Танымның жалпы мәселелері» бөлімінде ерекше мән беретін сұрақтар: ақиқат, таным деңгейлері және формалары, білім және оның мәні мен мақсаты, философиялық және ғылыми таным тәсілдері туралы. Философия тарихында «ақиқат» туралы ой пікірлер, таным мүмкіндігі туралы концепциялар қалай дамыды және қандай ағымдар туғызды, міне осы жайында айтылуы қажет. «Сана» туралы әртүрлі концепцияларға ерекше тоқталған дұрыс. Қоғамдық және ұлттық сана ерекшеліктері, менталитет мәселесі, руханилық және қоғамдық қатынастар мәні туралы да терең талдаулар керек.

Келесі топтама қоғам және адам арақатынасына бағытталған сұрақтар. Әрине әлеуметтік орта мен табиғи ортаның ерекшеліктерін ескере отырып адам мен қоғам, адам мен табиғат арақатынасына сараптама жасайсыз.

Адам мен қоғам, қоғам мен табиғат арасындағы диалектикалық байланысқа, қоғамның шығу және даму тарихына айрықша мән беру қажет.

Қазіргі заманғы ғылыми -техникалық дамудың қоғам және адам өміріне әсері, адамзатты алаңдатып отырған ауқымды тауқыметтер (экология, экономика, саяси, рухани психологиялық т.б.) мәселесі жан жақты зерттеуді қажет етеді.

Үшінші семестрлік жұмыс тақырыптары «мәдениет» ұғымының философиялық және ғылыми ойдың әр даму кезеңдерінде қалыптасқан көзқарастарға арналған.

«Мәдениет философиясының» мәнін анықтау адам мен мәдениет арасындағы диалектикалық байланысты саралаудан басталу қажет.

Адамзат мәдениеті, ұлт және жеке адам мәдениеті және бір біріне тәуелді мәдениет салалары ерекше назарда болғаны жөн. Рухани мәдениет пен материалды құндылықтардың бірлігі, өнер, ғылым, дін, парасат және саясат, құқық және мемлекет т.б. әлеуметтік құбылыстардың мәні мен маңызы талдауды қажет ететін мәселелер.

«Мәдениет» және «өркениет» ұғымдары туралы концепцияларды салыстырмалы түрде талдаған дұрыс. Жеке тұлға мәдениетінің мазмұны және

биологиялық, психологиялық астары мен әлеуметтік табиғаты ерекше атап айтатын мәселелер.

Қазіргі заманда мәдениеттің қай саласы болса да әр адамнан парасаттылық пен білімділікті талап етеді. Сол себепті кез келген мамандық иесі шығармашыл және өз ісінің шебері, өз ортасымен толық үйлесімділікте болуы қажет. Осы талап жоғары білімді инженерге де қойылады. Олай болса, философия тарихын зерттеп оқу, өмірлік маңызы бар мәселелерді ой елегінен өткізіп, даналардың айтқан сөзін күнделікті өмір тәжірибемен салыстыра отырып әрекет жасау нағыз мәдениетті адамның ісі. Өмір атты тіршілікте адам болып өмір сүру, адамдармен адами қатынас орнату, бақытты өмір сүру дегенді ортамен үйлесімділікте болу деп түсініп өзінді ұстау және рухани құндылықтардың басымдылығын мойындау – міне философияның оқушыға берер басты игілігі.

№1 семестрлік жұмыс тақырыптары

Философияның пайда болуы және даму тарихы

1. Ойлау және тілдің өзара байланысы
2. Ойлаудың тарихи түрлері
3. Ойлау мәдениетінің даму тарихы
4. Философиялық ойлау ерекшелігі
5. Философияның мәні және қызметі
6. Философия және дін
7. Философия және ғылым
8. Философияның пайда болу тарихы
9. Қоғам дамуындағы философияның рөлі
10. Антропология – адам туралы ілім
11. Аристотель жан туралы
12. Ибн – Сина жан туралы
13. Орта ғасырлық философия жан туралы
14. Шәкәрім Құдайбердіұлы жан туралы
15. Философия тарихындағы сана мәселесі
16. Антропосоциогенез тарихы
17. Сана және беисаналық мәселелері
18. Сана және тілдің өзара байланысы
19. Ұлттық асан және менталитет мәселесі
20. Қоғамдық сана формалары
21. XX ғасыр философиясы сана туралы
22. Ұлттық тілдің қоғам дамуындағы рөлі
23. Философия тарихындағы болмыс мәселесі
24. Экзистенциализм болмыс туралы
25. Материя және субстанция ұғымдары
26. Философияның негізгі онтологиялық мәселесі
27. Атомизм философиясы болмыс туралы
28. Абай философиясындағы Алла және Адам болмысының қаралуы
29. Таным – философиялық мәселе
30. Философиялық таным тәсілдері
31. Білім және ақиқат мәселесі
32. Таным деңгейлері және формалары
33. Әл-Фарабидің ғылымдарды жіктеуі
34. Сцентизм және антисцентизм
35. Ғылыми – техникалық прогрестің мәні
36. Абай ақыл және білім туралы
37. Сократ білім және парасаттылық туралы
38. Ғылымның мәдениет тарихындағы рөлі
39. Қазақстандағы үшінші модернизация және цифрлы технология

40. Ғылым этикасы
41. Философия тарихындағы қазақ философиясының рөлі
42. Марксизм философиясы болмыс туралы
43. Герменевтикалық философияның ерекшелігі және негізгі идеясы
44. Өнер және техника дамуының бірлігі.

№2 семестрлік жұмыс тақырыптары

Дүниені философиялық танудың негіздері.

1. Ежелгі үнді философиясындағы адам мәселесінің қаралуы
2. Конфуций және даосизм философиясы адам туралы
3. Пифагордың адам туралы көзқарасы
4. Аристотель адам туралы
5. Демокрит адам және жанұя туралы
6. Христиан діні адам туралы
7. Әль-Фараби адам бақыты туралы
8. Ислам философиясы адам өмірінің мәні туралы
9. Эразм Роттердамский «ақымақтықты мадақтау» туралы
10. Абай адамның мәні туралы
11. Ф.Ницшенің «асқақ адам» идеясы
12. А.Шопенгауэр адам бақыты туралы
13. Ф.Энгельс адамның пайда болуы туралы
14. Шәкәрім Құдайбердіұлы адам туралы
15. Қазақ ақын – жырауларының шығармашылығындағы адам мәселесі
16. А.Камю философиясындағы өмірдің мәні туралы
17. Махаббат адам өмір сүруінің мәні
18. Абай махаббат туралы
19. Рухани құндылықтардың мәні
20. Конфуций парасаттылық туралы
21. И.Канттың этикалық ілімі
22. Ж.Баласағұн адам бақыты туралы
23. Философия тарихындағы реинкарнация идеясы
24. Қазақ халқының рухани құндылықтарын сақтауы ұлттық жаңғыру кепілі
25. Саяси этика
26. Құқықтық сананың мәні
27. Бизнестегі этикалық нормалар
28. Адам бостандығының мәні
29. Бостандық және қажеттілік диалектикасы
30. Экзистенциализм философиясы бостандық туралы
31. Бостандық және демократиялық қоғам
32. Діни философия адам бостандығы туралы
33. Әділеттілік және парасаттылық
34. Ұлттық бостандықтың мақсаты және маңызы
35. Абай философиясындағы «Кемел адам» идеясы
36. Мемлекеттік тәуелсіздіктің алғы шарттары
37. «Алаш» қайраткерлері бостандық туралы
38. Кеңестік идеологиядағы атеизм және саяси схоластика
39. Ә.Бөкейхан және А.Байтұрсынұлы әлеуметтік мәселелер туралы
40. М.Шоқайдың тәуелсіздік туралы идеялары

41. Ж.Ташеновтың Қазақстан республикасының тәуелсіздігін сақтауға қосқан еңбегінің маңызы
42. Абай адамның мәні туралы.

№3 семестрлік жұмыс тақырыптары

Адам және құндылықтар әлемі философиясы.

1. Философия және өнер
2. Өнердің адам өмірі және қоғам дамуындағы маңызы
3. Антика заманындағы өнердің ерекшелігі
4. Әль-Фараби өнер – білім туралы
5. Абайдың эстетикалық көзқарасы
6. Христиан дінінің өнердің дамуына ықпалы
7. Қайта өрлеу дәуірінің эстетикасы
8. Леонардо Да Винчи шығармаларының мәдениет тарихындағы рөлі
9. Модернизм және постмодернизм философиясы
10. Өнердегі стиль және талғам туралы
11. Қазақ халқының ұлттық өнерінің мәні
12. Күй – Қазақ өнеріндегі ерекше құбылыс
13. Қазіргі заманғы өнердің ерекшеліктері және адамзат дамуындағы маңызы
14. Батыс еуропа мәдениетіндегі дағдарыс және адамзат болашағы
15. Платонның «казармалық социализм» теориясы
16. Қайта өрлеу дәуірінің утопиялық теориялары (Т.Мор және Т.Компунелла)
17. «Қоғамдық келісі» және «табиғи құқық» идеяларының мәні
18. Марксизмнің таптық қоғам теориясы
19. К.Поппердің «ашық қоғам» идеясы
20. Информациялық қоғам теориясының мәні
21. «Рухани жаңғырудың» қазақ елі үшін маңызы және мақсаты
22. Қоғам дамуындағы тарихи сабақтастық
23. Прогресс және регресс ұғымдарының мәні
24. Н.Макиавелидің саяси – әлеуметтік теориясы
25. Ж.Ж.Руссо мемлекеттің пайда болуы туралы
26. З.Фрейдтің мәдениет туралы теориясы
27. Г.Гегельдің тарих философиясы
28. К.Ясперстің тарих философиясы
29. К.Поппердің қоғам дамуы туралы көзқарас
30. Адамзат тарихына өркениеттік көзқарас
31. Қазіргі заманның ауқымды тауқыметтері
32. Көшпенді мәдениеттің Қазақ қоғамы дамуына әсері
33. Абайдың дінге көзқарасы
34. Ислам дінінің Қазақ мәдениеті тарихындағы рөлі
35. Қазіргі заманғы қазақстандағы қоғамдық сананы дамытудың негізгі бағыттары
36. «Мәңгілік ел» идеясының мазмұны және мақсаты
37. Ұлттық рухани құндылықтардың қоғам дамуына әсері
38. Қазіргі заманғы Қазақ мәдениетінің даму ерекшеліктері
39. Абайдың «қара сөздер» еңбегінің бүгінгі замандағы маңызы

40. XX ғасыр басындағы Қазақ зиялылары ұлттық құндылықтар туарлы
41. Қазіргі заманғы Шығыс және Батыс мәдениетінің өзара байланысы
42. «Постиндустриалдық қоғам» ұғымының философиялық мазмұны
43. Экологиялық гуманизм идеясы және негізгі шарттары
44. Кеңестік қоғамның Қазақ мәдениетіне тигізген әсері.

Семестрлік жұмыстарының тақырыптарын таңдау кестесі

Ш ифр	Тақыры птың нөмірі	Ш ифр	Тақыры птың нөмірі	Ш ифр	Тақыры птың нөмірі
01	1	38	38	75	5
02	2	39	39	76	6
03	3	40	40	77	7
04	4	41	41	78	8
05	5	42	42	79	9
06	6	43	43	80	10
07	7	44	44	81	11
08	8	45	45	82	12
09	9	46	46	83	13
10	10	47	47	84	14
11	11	48	48	85	15
12	12	49	49	86	16
13	13	50	50	87	17
14	14	51	51	88	18
15	15	52	52	89	19
16	16	53	53	90	20
17	17	54	54	91	21
18	18	55	55	92	22
19	19	56	56	93	23
20	20	57	57	94	24
21	21	58	58	95	25
22	22	59	59	96	26
23	23	60	60	97	27
24	24	61	61	98	28
25	25	62	62	99	29
26	26	63	63	100	30
27	27	64	64		
28	28	65	65		
29	29	66	66		
30	30	67	67		
31	31	68	68		
32	32	69	69		
33	33	70	70		
34	34	71	1		
35	35	72	2		
36	36	73	3		
37	37	74	4		

Әдебиеттер тізімі

1. Бернанд А., Антропология тарихы мен теориясы – Астана: ұлттық аударма бюросы., 2018 ж. – 240 бет.
2. Джонстон Дерек. Философияның қысқаша тарихы: Сократтан Дерридаға дейін. – Астана: ұлттық аударма бюросы., 2018 – 216 бет.
3. Кенни Энтони., Батыс философиясының жаңа тарихы. 1 – том: антика философиясы/Э.Кенни – Астана: Ұ.А.Б., 2018 ж., 408 бет.
4. Э.Кенни – Астана: Ұ.А.Б., 2018ж., 400 бет., 2 – том: Ортағасыр философиясы. Жаңа гуманитарлық білім. Қаз.тіл., 100 оқулық.
5. Ритцер Джордж, әлеуметтану теориясы – 10 басылым, - Астана: Ұ.А.Б., 2018ж. – 830 бет.
6. Хесс Реми, философияның таңдаулы 25 кітабы. – Астана: Ұ.А.Б., 2018 – 360 бет.
7. Шваб Клаус, төртінші индустриялық революция, - Астана: Ұ.А.Б., 2018 – 200 бет. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық.
8. Гомбрих Э., Өнер тарихы, - Астана: Ұ.А.Б. 2019 – 688 бет.
9. Кенни Энтони., Батыс философиясының жаңа тарихы 3 – том: Қазіргі заман философиясының бастауы, - Астана Ұ.А.Б., 2019 – 412 бет.
10. Қазіргі заман философиясы 4 – том., Астана Ұ.А.Б., 2019 – 420 бет.
11. Шығыс философиясы. Оқу құралы. «Жазушы», —Алматы: 2009
12. Нұрышева Г. Философия. Лекциялар курсы. ОҚ. «Зият-Пресс»,— Алматы: 2006
13. Қабаева Ж. Философия. – Алматы, 2010.
14. Артемьев А., Мырзалы С. История и философия науки. – Алматы, 2010.
15. Нурадин Г., Сапарғалиева С. Мемлекеттік аралық бақылауға дайындық курсы. – Алматы, 2010.
16. Ушаков Е. Введение в философию и методологию науки. – М., 2008.
17. Сағиқызы А. Гуманистік дүниетаным: әлеуметтік мәдени негіздер. – Алматы, 2013.
18. Кішібеков Д.К. Философия независимости. – Алматы, 2011.
19. Бейсенов Қ.Ш. Философия тарихы: Оқулық. – Шымкент, 2005.
20. Философия: жоғарғы оқу орындары студенттеріне арналған оқулық // Құрастырған Т. Ғабитов. - Алматы: Қаржы – Қаражат, 2002.
21. Мырзалы Серік. Философия. – Алматы: «Бастау», 2008.
22. Мырзалы С. Философия. – Алматы, 2010.
23. Қасабеков А. Қысқаша философия тарихы. – Алматы, 2011.
24. Горелов А. Философия. – М., 2012.
25. Бучило Н., Исаев И. История и философия науки. – М., 2012.
26. «Қазақ халқының философиялық мұрасы» сериясы. Жиырма томдық. 1-20т. – Астана; Аударма, 2005ж. б) «Философияның таңдаулы 25 кітабы» Реми Хесс. 2018ж.
27. «Философиясының қысқаша тарихы:» Сократтан Дерридаға дейін

28. Батыс философиясының жаңа тарихы.
29. «Антика философиясы» 1 том. Энтони Кенни
30. Энтони Кенни Батыс философиясының жаңа тарихы, 2 том, Орта ғасыр философиясы – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018 жыл
31. Барнард А. «Антропология тарихы мен теориясы.- Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018 жыл-6. Армстронг К.
32. Иудаизм, христиандық пен исламдағы 4000 жылдық ізденіс: Құдайтану баяны. – Алматы: « Ұлттық аударма бюросы» Қоғамдық қоры, 2018 жыл.
33. Творчество Нурлана Сейтахметова: философские дискурсы запада и востока. А.А. Хамидов. – Алматы, 2011.
34. Сағиқызы А. Гуманистік дүниетаным: әлеуметтік мәдени негіздер. – Алматы, 2013.
35. Қазіргі қоғам дамуының әлеуметтік-экономикалық мәселелері: дамуы мен болашағы. Монография. – Алматы, 2013.
36. Қабаева Ж. Философия. – Алматы, 2010.
37. Ғабитов Т. Философия. – Алматы.
38. Бучило Н., Исаев И. История и философия науки. – М., 2012.
39. З.К. Шаукенова. Национальная консолидация Казахстана; проблемы и перспективы. – Алматы, 2013.
40. Шаукенова З.К. Национальная консолидация Казахстана: проблемы и перспективы. – Алматы, 2013.
41. Қабаева Ж. Философия. – Алматы, 2010.
42. Ағатаев А. Қайсар философиясы. – Алматы, 2010.
43. Нысанбаев А. Тәуелсіз Қазақстанның құндылықтар әлемі. – Алматы, 2011.
44. Есім Ғ.Е. Тәуелсіз Қазақстан философиясы. – Астана, 2006.
45. Назарбаев Н.Ә. Тәуелсіздік идеясы және оның тарихи сипаттамасы /Тәуелсіз Қазақстан философиясы. – Астана, 2006.
46. Қазіргі қоғам дамуының әлеуметтік-экономикалық мәселелері: дамуы мен болашағы. Монография. – Алматы, 2013.
47. Апашов С.Б. Немецкая классическая философия. Учебное пособие.
48. Батыс философиясының антологиясы. – Алматы, 2002.
49. Мухамеджан Қ.Ш. XX ғасыр философиясы: Оқу құралы. – Алматы: АЭЖБИ, 2005.
50. Иманкүл Н., Бөрібаев Т. Іліми Философия. «Парыз», —Астана: 2009.
51. Ежелгі шығыс философиясы.1-том, «Жазушы», —Алматы: 2005.
52. Батыс философиясы. Оқу құралы. «Жазушы», —Алматы: 2009.
53. Әбу Насыр әл-Фараби.10-томдық шығармалар жинағы. ТОО «Лотос-Астана»,—Астана: 2007-2009.
54. Алтай Ж., Қасабеков Ж. Философия тарихы. – Алматы, 2006.
55. Ғабитов Т. Философия. – Алматы, 2006.
56. Канке В. Философия. – М., 2008.

57. Ежелгі шығыс философиясы. – Алматы: жазушы, жиырма томдық. 1-том., 2005.
58. Философия: жоғарғы оқу орындары студенттеріне арналған оқулық //
59. Кохановский В., Левкеевич Г. Философия науки. – Ростов-на-Дону, 2008.
60. Булдииков С. История и философия науки. – М., 2008.
61. Бегалинова К., Альжанова К. Философия ч.1. История философии. – Алматы, 2007.
62. Бегалинова К., Альжанова К. Философия ч.2. Теория философии социальная философия. – Алматы, 2007.
63. Ағатаев А. Қайсар философиясы. – Алматы, 2009.
64. Алтай Ж., Қасабек А. Философия тарихы. – Алматы, 2006.
65. Антикалық философия. Жиырма томдық. 2-том. – Алматы: жазушы, 2005.
66. Философия: жоғарғы оқу орындары студенттеріне арналған оқулық // құрастырған Т. Ғабитов. - Алматы., 2002. – 496 б.
67. Қабылова А.С. Әбу Наср әл-Фараби философиясындағы білім мен зерде. – Алматы, 2009.
68. Канке В. Философия. – М., 2008.
69. Қоянбаева Г.Г. әл-Фараби философиясындағы үлгілі адам мұраты. Астана, 2006.
70. Әл – Фараби мен Ибн Сина философиясы. Жиырма томдық. 4-том. – Алматы: жазушы, 2005.
71. Мырзалы Серік. Философия. – Алматы: «Бастау», 2008.
72. Философия: жоғарғы оқу орындары студенттеріне арналған оқулық // құрастырған Т. Ғабитов. - Алматы, 2002.
73. Ортағасырлық діни философия. Жиырма томдық. 5-том. – Алматы: жазушы, 2005.
74. Бейсенов Қ.Ш. Философия тарихы: Оқулық. – Шымкент, 2005.
75. «Қазақ халқының философиялық мұрасы» сериясы. Жиырма томдық. 1-7тт. – Астана: Аударма, 2005.

Мазмұны

Кіріспе	3
1.Философия пәні бойынша семестрлік жұмыстарды орындаудың талаптары мен шарттары.....	5
2. Семестрлік және бақылау жұмыстарының тақырыптарына методикалық кеңестер	77
№1 семестрлік жұмыс тақырыптары.....	122
Философияның пайда болуы және даму тарихы	122
№2 семестрлік жұмыс тақырыптары.....	144
Дүниені философиялық танудың негіздері.	144
№3 семестрлік жұмыс тақырыптары.....	166
Адам және құндылықтар әлемі философиясы.	166
Әдебиеттер тізімі:.....	18

Қуанышқазы Шақыртұлы Мұхамеджан
Ельзат Еркінұлы Джаркинбаев

Философия пәні бойынша барлық мамандықтарға арналған семестрлік
жұмыстар бойынша әдістемелік нұсқаулық

Редактор: Изтелеуова Ж.Н.

Стандарттау бойынша маман: Ануарбек Ж.А.

Басуға қол қойылды
Таралымы 50 дана
Көлемі 1,3 есептік- баспа табақ

Пішіні 60x84 1/16
Баспаханалық қағаз №1
Тапсырыс бағасы 650 тг.

«Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс
университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамының
көшірме-көбейту бюросы
050013, Алматы, Байтұрсынұлы көшесі, 126/1